

ӘОЖ 81-2

ЭПОНИМДЕРДІҢ ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСЫ

Егізбай Айданай Махмудқызы

e_aidanay@mail.ru

2272

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
филология факультетінің студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – қауымдастырылған профессор Г.Б. Мамаева

Эпоним деген сөз *біреуге өз есімін беретін* деген мағынаны береді. *Эпоним* — есімі басқа оним жасауға себеп болатын атақты адам. Ғылыми әдебиеттерде «эпоним деген сөз біреуге өз есімін беретін деген мағына береді» деп анықталады. Басқаша айтқанда эпоним - басқа оним жасауға себеп болатын атақты адам есімі.

А. В. Суперанская эпонимдердің үш айырымдық сипатын бөліп көрсетеді:

- 1) жеке тұлғаның аты жеке нысанға беріледі;
- 2) аталатын нысанды анық анықтайды және шектейді;
- 3) тікелей ұғыммен байланысты емес [1].

Л.И. Шубов бұл терминдер туралы: «Эпонимдік терминдер біз жеке адамдар есімдерінен жасалған терминдерді айтамыз», дейді [2], ал Б.А. Лобач «құрамына жеке адам есімдері енетін терминдер немесе жалқы есімдер» деп жазады.

Эпоним атауларының ерекшеліктеріне назар аударған алғашқы ғалым - Д.С.Лотте (1961ж.) ал оны әрі қарай дамытқан - В.П.Даниленко.

Эпонимдік есімдерге байланысты мәселенің бірі - жеке адам есімінің семантикасы. Эпонимдік есімдер тобына ғылым, әдебиет, өнер, саясат қайраткерлерінің есімдерімен қатар ғылым тарихында алғаш жаңалық ашқан адамдар есімдері де жатады. Мысалы, *Бөкетов*, *Машанов*, *Сәтпаев*, *Менделеев* т.б.

Жалқы есімдерінің семантикасының бір ерекшелігі бұлардың әр түрлі білім салаларындағы көптеген ұғымдарға атау ретінде жұмсауға болатындығы. Мысалы философиядағы бағыттардың, ағымдардың, мектептердің атаулары және сол бағыттар өкілдерінің аттарымен аталады. Мысалы, *Кант мектебі* т.б.

Медицинада мысалы симптомдардың (белгілерін) емдеу әдістерін, анатомиялық ұғымдарды, бірінші зерттеген және ойлап тапқан медицина құралдарының атаулары жаңалықты ашқан ғалымдардың атымен аталады: *Кох*, *Манту*, *Пирке*; *Венсан*, *Сомбравин* сияқты ғалым-авторлар есімдерімен аталатын *туберкулез таяқшасы*, *сынамалар*, *ойық*, *жара*, *наркоз түрі* — осының дәлелі.

Эпонимдік аталымдарды зерттеумен байланысты туатын ең күрделі мәселелердің бірі жеке адам есімі семантикасымен қатысты. Ономастикада жеке есімдердің тек мағынасы, яғни қандай апеллативтік түбірден жасалғаны, қандай мағынаға ие екені ғана қаралса, ал терминологияда терминнің ғылыми ұғыммен байланысына және сол атауларда ұғымның маңызды белгілерінің қамтылуына (көрініс табуына) басым көңіл аударылады. Қазіргі терминологияда эпонимдер аз кездеспейді.

Тілде арнайы мақсаттар үшін қызмет атқаратын эпонимдер жүйесін қарастыра отырып, біз бұл атауларды энциклопедиялық мағынасына байланысты екіге жіктеп сөз еткелі отырмыз. Біріншісіне құрамына айрықша маңызды жаңалық ашқан не жаңа ғылыми бағыт немесе мектептерді т.б. басқарған адамдар фамилиялары енетін терминдерді, екіншісіне құрамына кезінде ел-жұрты үшін ерекше еңбек еткен, үлкен қадір-құрметке бөленген адамдардың есімдерін ұзақ уақыт есте сақтау үшін, олар туралы арнайы белгі ретінде лайықты нысандарға берілген фамилиялар енетін терминдерді жатқызамыз.

Жоғарыда көрсетілген бірінші қатардағылар — семантикалық және логикалық жағынан дәлелденген терминдер есептелсе, екіншіге — жеткіліксіз дәлелденгендер болып танылып жүр. Бұлар үшін мемориалдық функция жеткілікті болып табылып, ал дәлелденгендігі шартты белгі сипатында болып, нольге жуықтайды. Мысал ретінде *Күн жүйесінің «Сәтбаев»*, *«Шукиин»*, *«Ахматова»* кіші планеталары аталымдарын келтіруге болады. Бұлар, әрине, жекелеген ұғым атаулары, олардың негізгі мағынасы апеллативтік элементінде (*астероид*, *планета*, *комета*) тұр, ал жалқы есім — мемориалдық мағынасы ғана бар шартты белгі. Практикада бұндай нысандарды атау үшін реттік нөмір қолданылады.

Біздің ойымызша, термин ретінде эпонимдік аталымдардың бірінші түрі қолданғаны дұрыс, себебі олардың мағыналары толық беріледі, ал екінші қатар терминдерін білімнің нақты салаларының жекелеген номенклатуралы нысандарын атау үшін қолдану жөн.

Терминжасамға қойылатын қазіргі талаптар тұрғысынан қарағанда, эпоним терминдер бұларға сай амал-тәсілдер арқылы жасалады, яғни эпоним терминдер бір мағыналы болып келеді.

В.В. Вахрамеева: эпоним - бұл терминдік немесе терминологиялық тіркестегі жай атау ғана емес, ол белгілі бір білім беру саласының дамуына үлес қосқан белгілі тұлғаның атынан құрылған терминологиялық бірлік. Өз кезегінде, эпонимдік терминдер - бұл эпонимдерден немесе олардың қатысуымен алынған терминдер [3].

Тіл мен техниканың дамуына байланысты үнемі сала терминдері де толығып отырады. Терминдердің пайда болуы, жаңа түсініктер мен жаңа ұғымдардың тууына әсерін тигізеді. Терминологиялық жүйеде жаңа атауыш сөздердің қолданысқа енуі, белгілі бір салалық бағыт арқылы жүзеге асады. Солардың бірі – ономастика.

Термин саласындағы «жеке атаулар» адам аттарына байланысты қолданылады. Біз жұмысымызда бұл терминді дәл осы мағынасында қолданатын боламыз.

Р.Глэзердің пайымдауынша, терминологиялық ономастика ономастиканың бір саласы ретінде қарастырылады. Бұл пікірді А.В. Суперанская да қолдай келе, терминологиялық ономастика лингвистикалық ономастика бөлімін де өзіне бағындырады деген қорытынды жасайды [4].

Терминнің анықтамасы – ұғымды анықтау процесінің нәтижесі. Онда ұғымның өзге іргелес ұғымдардан өзіндік ерекшелігі, басты белгілері көрініс табады. Термин өзінің анықтамасына тең болады, ал оның анықтамасы ұғым мазмұнына сәйкес келіп, оның негізгі белгілерін қамтиды.

Терминологиялық ономастика, жалпы ономастика немесе терминология бөлімі бола отырып, әрине, пәнаралық. Бұл екі жақты көрінеді: бір жағынан, генетикалық тұрғыдан, яғни шығу тегі тұрғысынан, атап айтқанда, терминологиялық ономастика екі пәнді біріктіру нәтижесінде пайда болды: терминология және ономастика; екінші жағынан, пәндік "көршілік" тұрғысынан. Терминологиялық ономастика "көршілері" тіл тарихы, лексикология, фразеология, мәтін лингвистикасы, социоллингвистика сияқты лингвистикалық пәндер нысандардың ерекшелігін және олардың атауымен байланысты дәстүрлерді қарастырады.

Кейбір мамандар өз аттарынан пайда болған терминдердің санының күрт өсуін апат ретінде қабылдайды, өйткені С. В. Гриневтің пікірінше, терминология бірліктерінің белгілі бір шектерінің артуы терминология түсінігін күрт төмендетеді [5]. Сондықтан, эпонимдерді түрлі термин жүйелерге енгізуді ретке келтіру үшін ғалымдар кейбір жалпы шарттарды анықтауды ұсынады, оларды сақтау негізделген номинацияларды қабылдауға ықпал етеді. Мұндай жағдайлардың қатарына төмендегілер жатады:

- 1) аты терминге берілетін тұлғаның жеке еңбегін дүниежүзілік және даусыз мойындау;
- 2) белгілі тұлғаның еңбектерінің атау затымен тікелей авторлығы немесе жақын байланысы;

- 3) автордың атын беруді ұсынатын заттың даусыздығы мен маңыздылығы;

- 4) терминді енгізу туралы ұсыныстың басымдылығы;

- 5) көзге бағдарлаушы немесе жағымсыз ассоциацияның болмауы;

Жоғарыда көрсетілген мысалдардан аталған талаптарға сәйкес келмейтін эпонимдердің көбейіп келе жатқанын байқауға болады. Мысалы, Бузова бургер атауы, аталған талаптардың бірде-біріне жауап бермейді. Дәл осы атау, біздің ойымызша, маркетингтік қадам деп атауға да келмейтін тәрізді.

Эпоним терминдері зерттеу терминдерді және номенклатуралық бірліктерді қалыптастырудың әлеуетті көзі ретінде өз аттарын бағалауға мүмкіндік береді. Адам аттары терминологияны байытуға ықпал етеді, өйткені оны толықтырудың өнімді және белсенді қолданылатын көздерінің бірі болып табылады.

Дегенмен, кейбір зерттеушілер (С. В. Иванов, 1989; Д. С. Лотте, 1996; М. Н. Чернявский, 1984) терминдерді, яғни жеке атаулардан құрылған терминдерді семантикалық қатынаста мұндай терминдердің қанағаттанғысыз екендігін, аты ешқандай қасиеттерді бермейтіндігін дәлелдейді.

Терминдер өз атымен ұғымның мазмұнын ашпайды, өйткені заттар мен құбылыстарды ұғымның белгілері бойынша емес, оның құрылу шарттары мен жағдайлары бойынша, атап айтқанда белгілі тұлғаның тегі бойынша белгілейді. Сондықтан, С. В. Гриневтің пікірінше, эпоним терминдерінің белгілі бір шектерінің артуы терминологияның түсінігін төмендетеді [5].

Эпонимдер маңызды ақпарат береді. Белгілі тұлғаның есімінің атауы жұмыс істеген аймақты, орындалатын жұмыстың сипатын көрсету үшін жеткілікті. Әрбір есімнің артында тек жеке тұлға ғана емес, сонымен қатар оның тиісті білім саласының мәселелері бойынша көзқарастары да бар.

Көптеген авторлардың пікірі бойынша: Н. В. Новинская, В. В. Вахрамеева, Н. Д. Коновченконың жалқы есімдер мемориалдық қызметті орындайды, яғни жаңалық авторларының аттарын, яғни білім саласын әзірлегендердің есімдерін мәңгі есте сақтайды дейді. [6].

Терминологияда қызмет ететін эпонимдік терминдердің бүкіл жүйесін қарастыра отырып, Н.В. Новинская аттардың екі түрін ажыратады:

1) терминдер жаңалық ашқан тұлғалардың аттарын қамтиды.

2) терминдер, адамның құрметіне берілген заттардың атауы. Бұл белгілі, көрнекті ғылым, өнер, мәдениет қайраткерлерінің есімдері және т.б.[7].

Адамның құрметіне берілгендер: *Сәтпаев планетасы, Шәмші жұлдызы, Димаши жұлдызы, Коко Шанель әтір суы, Толстовка, Принглс, Наполеон торты, Қайрат Нұртас салаты, Chevrolet, френч, байкот, хулиган, Бузова бургері, Джонни Депп бургері, Дима Билан әтір суы, шарлотка, Жанна Д'арк жұлдызы және т.б.*

Жаңалық ашқандар: *Ньютон заңы, Пифагор теоремасы, Менделеев кестесі, Америка, Трутон ережесі, Никольский теңдеуі, Ом заңы, Фалес теоремасы, Эйнштейн теориясы, Паули гипотезасы, Томсон заңы, Паскаль заңы, Архимед заңы, Галилей телескопы, Герц заңы, Тесла, Джоуль заңы, Ватт, Фарадей заңы, Кулон заңы.*

Оқу орындарының аттары:

1934 ж. дейінгі оқу орындарының атауларында «атындағы» деген сөз кездеспейді. Мысалы, Жәңгір мектебі, Неплюев әскери училищесі, Ленин орта мектебі, Харькин орта жалпы білім беретін мектебі, Болдырев негізгі жалпы білім беретін мектебі, Горячкин негізгі жалпы білім беретін мектебі, Қадырқұл негізгі жалпы білім беретін мектебі.

1934 ж. кейін орыс аудармасын негізге ала отырып, барлық адам құрметіне берілген мекеме атаулары «атындағы» деген сөз арқылы жасалып келеді. С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті, С. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қ. Сәтпаев атындағы техникалық университеті, Ғ. Қайырбеков атындағы орта мектебі, М. Өтемісов атындағы орта жалпы білім беретін мектебі, С. Мендешов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі, Н. Дүйсенғалиев атындағы негізгі орта білім беретін мектебі. Н. Назарбаев құрметіне берілген оқу орындары ағылшын тәсілдері арқылы жасалып жүр. Мысалы, Назарбаев университеті, Назарбаев Зияткерлік мектебі.

Тұжырым: менің пікірімше, құрметіне берілген эпонимдер ономастиканың объектісі, ал ашқан жаңалығына сәйкес берілген эпонимдер терминология саласының объектісі. Сондықтан, эпонимдерді екі түрге бөліп қарастырған орынды. Яғни құрметіне берілген эпонимдерді ономастикалық эпонимдер, ашқан жаңалығына сәйкес берілген эпонимдер терминологиялық эпонимдер деп атау. Бұл құбылыстың тілде кең таралғанына қарамастан, оны анықтау үшін бірыңғай атау әлі де жоқ. Әр түрлі авторлардың жұмыстарында

номинациялардың келесі тәсілдерін кездестіруге болады: "Тек терминдері", "термонимдер" , "ономастикалық терминдер", "эпониялық терминдер, "термин-эпонимдер", "эпонимикалық атау", "онимиялық терминологиялық сөз тіркестері" немесе "өз атауымен терминологиялық сөз тіркестері", "антропонимдік жасам", "персонимдер".

Қорыта келгенде, ғылым мен техниканың қарқынды дамуы, қоғамдық, саяси, мәдени және экономикалық өзгерістер мен жаңалықтармен бірге терминология саласының құрамы жаңа эпонимдермен толықтырылуда. Н. В. Новинскаяның жоғарыда келтірілген пікірі негізге алынып, эпонимдердің пәнаралық екені анықталды, яғни эпонимдер құрметіне берілуіне байланысты және жаңалық ашуына байланысты терминологияның зерттеу нысаны және ономастиканың зерттеу нысаны. Эпонимдерді жіктеу олардың терминологиялық эпонимдер және ономастикалық эпонимдер деп бөліп қарастыру қажеттілігін көрсетті. Осылай топтастырылуының себептері мен олардың жасалу ерекшеліктері жұмыста көрсетілген.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Суперанская А.В. Общая теория имени собственного. М.: Наука, 1973. 367 с.
2. Шубов Л.И. Практическая транскрипция и эпонимические термины //Топонимика и транскрипция. – Москва, 1964. – 16 с.
3. Вахрамеева В. В. Эпонимные термины в английских подъязыках науке и техники: Дис. ... канд. филол. наук. – Омск, 2003. – 144 с.
4. Суперанская А.В. Общая терминология: вопрос теории. – М. : УРСС, 2004, - 245 с.
5. Гринев С. В. Введение в терминоведение. – М., 1993. – 309 с.
6. Гринев С. В. Введение в терминография. – М., 1996. – 161 с.
7. Новинская Н.В. Эпонимические названия в составе современной русской терминологии: автореф. дис: 10.01.01. АН СССР Инс-т рус. яз., 1989. 19 с.